

Тексерілді:
«Айгөлек» шағын орталығының әдіскері *А.А.Адилова* А.Адилова

Балалар өмірін ұйымдастыру және тәрбиелеуді жоспарлау циклограммасы
«Балдырған» ересек топ Сәуір айы(2-апта)

Өтпелі тақырып «Табиғаттың гүлденуі»»

Тақырыпша «Көрікті көктем»

Апта күні :11.04-15.04.2022ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 11.04	Сейсенбі 12.04	Сәрсенбі 13.04	Бейсенбі 14.04	Жұма 15.04
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалардың балабақшаға келуге қызығушылығын арттыру. Балабақша туралы жақсы ой қалыптастыру. Балалардың сүйікті ойыншығы мен заты туралы әңгімелесу				
Ата-аналармен әңгімелесу	Ата-аналармен бала денсаулығы туралы әңгімелесу, күн тәртібін сақтау, балабақшаға бейімделу бойынша ата-анаға кеңес беру.				
Ойындар (үстел үсті саусақ және т.б.)	<p>Үстел үсті ойын № 4 «Кесте бойынша ойын» Мақсаты Балалар білетін ертегілерін еске түсіру арқылы тіл байлығын дамыту. Аталған ертегілердің мазмұнын, атын және 10-ға дейін санай білу. Балаларды тапқырлыққа, зейінді болуға тәрбиелейді.</p>	<p>Саусақ жаттығуы №5. Жел Шөпті қозғап жел еседі. Шөптер дыбыс береді, Ш-ш-ш-ш Жел ақырын басылды Шөптер де дем алды.</p>	<p>Үстел үсті ойын № 6 «Көкөністер-жемістер лотосы» Мақсаты: Жемістер мен көкөністердің бақта және бақшада өсетіні туралы түсініктерін кеңейту. Олардың аталуын, бір-бірінен айырмашылығын, адам аулығына маңызын білу.</p>	<p>«Дидактикалық ойын ата» «Вагондарға дөңгелек таңдау» Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.</p>	<p>Сергіту сәті Алау болып жанамыз Құлыншақ боп шабамыз, Балапандай талпынып, Көкке канат қағамыз</p>
Таңертеңгі гимнастика (5 мин)	№1-ші таңертеңгі жаттығу кешені				

Күн тәртібі	Дүйсенбі 11.04	Сейсенбі 12.04	Сәрсенбі 13.04	Бейсенбі 14.04	Жұма 15.04
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалардың балабақшаға келуге қызығушылығын арттыру. Балабақша туралы жақсы ой қалыптастыру. Балалардың сүйікті ойыншығы мен заты туралы әңгімелесу				
Ата-аналармен әңгімелесу	Ата-аналармен бала денсаулығы туралы әңгімелесу, күн тәртібін сақтау, балабақшаға бейімделу бойынша ата-анаға кеңес беру.				
Таңертеңгі гимнастика (5 мин)	№1-ші таңертеңгі жаттығу кешені				
Таңғы ас	Мәдени-гигиеналық машықтарды меңгеру және орындауды пысықтау. «Бата беру», «Ас қайыру» дәстүрлерін үйрету				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	«Жалпы атауын ата»	Суретпен әңгіме: «Біздің көше»	«Мекеніне апар»	Дидактикалық ойын: «Пирамиданы жинау»	Дидактикалық ойын: «Көзінді жұмып, қолыңмен анықта»
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Не дәмді?» ертегі Мақсаты: Ненің дәмді екенін ажыратуға, дәмінің айырмашылығын, пішінін айта білуге үйрету. Асты қадірлеуге, қастерлеуге тәрбиелеу. Кейіпкерлердің өзара сөйлесуін көркем түрде қолдану арқылы ертегінің ішкі сырын, айтылу керек ой-түйсігін, мән-</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: Логикалық есептер. Геометриялық фигуралар пішіндегі заттар. Мақсаты: логикалық есептерді шығару, заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру дағдыларын жетілдіру. тапсырманы өз бетімен орындауға, логикалық ойлау</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: Қайдан келдің бауырсақ? Мақсаты: Нанды қадірлеуге үйрету. Нанның дастарханға қалай келетінін айтып, оған көптеген адамдардың еңбегі арқылы келетіндігін түсіндіру. Нан туралы өлеңді мнемотехника әдісі арқылы оқып үйрену. Бақылағыштығын,</p>	<p>Дене шынықтыру Жетекші маман жоспары бойынша</p> <p>Музыка Жетекші маман жоспары бойынша</p>	<p>Дене шынықтыру Жетекші маман жоспары бойынша</p> <p>Мүсіндеу Тақырыбы: Қалаш, тоқаш Мақсаты: балаларды мүсіндеудің жаңа материалы – ашыған қамырмен таныстыру; екі қолмен домалақ шар жасауды үйрету; мүсіндеудің, екі алақанмен жұмыс істеуден басқа, жаңа әдіс – тәсілдерін жұдырықтармен жұмыс істеу, саусақтардың</p>

	<p>мағынасын бұзбай, байланыстыра баяндай білуге үйретуді дамыту.</p> <p>Сурет салу Тақырыбы: Егін алқабы Мақсаты: балаларға сопақша дөңгелектерді қолдана отырып бидай масақтарын салуды үйрету, өз ойларынан және педагогтің әңгімесіне сәйкес белгілі мазмұн бере отырып ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру, шығармашылықпен сурет сала білуге баулу, астықты, дәнді дақылдарды құрметтей білуге тәрбиелеу.</p> <p>Музыка Жетекші маман жоспары бойынша</p>	<p>қабілеттерін және зейіндерін дамыту, геометриялық денелер атауларын қайталау</p> <p>Дене шынықтыру Жетекші маман жоспары бойынша</p>	<p>қиялын дамыту.</p> <p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Өрме кші, құмырсқа және қарлығаш» Б.Алтынсарин</p>		<p>ұшымен басып тереңдету әдістерін меңгерту; оларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Серуенге қызығушылықты ояту, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру</p>				

Серуен	<p>Картотека № 5 Бақылау: Бұлтты бақылау Мақсаты: Шоғырланған бұлтты аспаннан көріп, қайталанбас сұлулығын байқай білуге үйрету. Шығармашылық қабылдауын дамыту. Қимылды ойын «Кілттер» <i>Көркем сөз:</i> Көрген сайын аспанда Ала шарбы бұлтты, Әжем түткен ақшамда Елестетем түбітті</p>	<p>Картотека №20 Бақылау: Ұяларды бақылау. Мақсаты: Ағаш басындағы қарғаның ұясы мен шатырдың астындағы торғайдың ұясын салыстыру. Балалардың бақағыштығын және білуге құмарлықтарын дамыту. Қимылды ойын: «Ұшу» <i>Көркем сөз:</i> Көктем келді жеріме, Бақ әкелсін еліме. Күн күлімдеп көгімде, Шуақ шашсын төгіле.</p>	<p>Картотека №1 Бақылау: Ауа райын бақылау Мақсаты: Көктемнің алғашқы айы мен соңғы айын салыстыра білу. Ауа райының өзгерісін анықтап оны ажырата білу. Балалардың байқампаздығын, табиғат пен қарым-қатынасын дамыту. Қимылды ойын: «Қасқыр мен лақтар» <i>Көркем сөз:</i> Жауынмен жер көгереді, Батамен ел көгереді</p>	<p>Картотека № 2 Бақылау: Күнді бақылау Мақсаты: Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету. Тақырып бойынша белсенді сөздікті дамыту. Қимылды ойын: «Күн мен бұлт» <i>Көркем сөз:</i> Кешкі күн Қонды тау басына. Төкті нұр Құзар шың басына.</p>	<p>Картотека №16 Бақылау: Бұталарды бақылау. Мақсаты: Бұталарды бұтақтарына және бүршіктеріне қарай айыра білу біліктілігін бекіту қолайлы шарттармен байланысын көрсету. Қимылды ойын: «Шегіртке» <i>Көркем сөз:</i> Қыз көктем бойын түзеген, Иісі жұпар бар алап. Шалғынды кешіп тізеден, Келеміз қырды аралап.</p>
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті .				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Ұйқыға жақтқызу.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>№7. Майтабанның алдын алу. (2 минут) Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтың</p>	<p>№1. Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут) Созылу. Б.қ. арқада жатып</p>	<p>№21.Алақаныңды көрсет. Қолдары иықта, Қолдарды алға созу, алақан көрсету. Қалыпқа келу. Қайталау, сол жаққа,</p>	<p>№13.Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. (2 минут) Ойын: Тербеледе ағаштар екі</p>	<p>№19.Велосипед тебу. 1. Балалар төсекте жатып, бастарын оңға ,солға бұрады. 2. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму. 3. Балалар төсекте жатып, велосипед тебу.</p>

	ұшымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру. Арнайы жолдармен жүру. Орындықта отырып аяғымызды оңға солға тербету. (3- 4 рет)	қолымызды жоғары көтеріп басымыздан асырап төсекке түсіреміз, көзімізді ашып жұмамыз (2- 4 рет)	алақан төменде. Қалыпқа келу.	қолымызды жоғары көтеріп оңға солға еңкею. Жаңбар жауды қолымызды жоғары көтеріп шапалақтау. Жапырақтар жерге түсті тіземізді бүкпей еденге қолымызды тигізу. 4 Демалу жаттығулары Жел соқты уууу уууу уууу Жапырақтар желмен ұшты шшш шшш шшшш	4. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ-қолды созу.
--	---	--	-------------------------------	--	--

Бесін ас Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс

Ойындар, дербес әрекет	Дидактикалық ойын «Вагондарға дөңгелек таңдау» Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.	№ 2«Шаршы құрастыр» Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. Балалар ақ шаршының үстіне бөлінген түрлі-түсті шаршыны құрастырып қояды. Бөлшектерден бүтін бір зат	Үстел үсті ойыны № 11 «Мозаика» Мақсаты: Балаларға әр түрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбек-сүйгіштікке тәрбиелеу.	Дид.ойын:№3 «Дала құстарын ата» Мақсаты: құстарды атай білуге үйрету. Жабайы құстардың қайда мекендейтінін, немен қоректенетінін түсіндіру. Құстардың атын қазақ тілінде дұрыс айтуға үйрету, әңгімелеу дағды-сын жетілдіріп, тілін дамыту. Құстарды аялауға,қамқоршы	Сюжетті-рөлдік ойын «Жедел жәрдем. Емхана. Аурухана» Мақсаты: берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыру. Ойын барысында қоршаған тіршілік туралы білімдерді көрсету, медицинаның әлеуметтік маңыздылығын көрсету. Медицина
------------------------	--	---	---	---	--

		жасайды. Балалар қиналған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі. Шаршының қанша бөліктен тұратынын санайды, құрастырылған шаршының түсін айтады.		болуға тәрбиелеу. Көрнекі құралдар: Дала құстарының суреттері.	қызметкерлерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, қоғамдық жерлерде өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Арнат Сандарды ажырата білуге үйрету	Айзереге Әңгімелеу барысында ұялмай ойын толық жеткізе білуге үйрету	Ляйсанга Сөйлегенде дауыс ырғағын дұрыс сақтап ,анық сөйлеуге үйрету.	Каусарға Сурет бояғанда сыртында шығармай бояуды үйрету	Нұрасылға Ж-дыбысынан анық айтуға үйрету
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға баулу				
Серуеннен оралу	Серуендеуге қызығушылық тудыру. Әр түрлі бағытта жеке жұмыс жүргізу. Балалардың қалауы бойынша әртүрлі ойындарды ұйымдастыру				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Балаларды ауа-райына сай киіндіру».				